**Бекітемін** [signature] **Мырзағалиева.С.Т**

**Мектеп директорының оқу- ісі жөніндегі орынбасары**

**Білім беру ұйымы:** Ғ.Мәсәлімов орта мектебі

**Топ:** Мектепалды сынып

**Балалардың жасы:** 5 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 14.11—18.11.2022ж

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы III апта**

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 14.11.2022** | **Сейсенбі 15.11.2022** | **Сәрсенбі 16.11.2022** | **Бейсенбі 17.11.2022** | **Жұма 18.11.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Қайырлы таң, балалар! «Балабақша» әуенімен қарсы алу. Балалардың дене қызуын өлшеп ,тазалығын тексеру. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту,музыка)** | Қайырлы күн, достарым. Балалардың дене қызуын өлшеп ,тазалығын тексеру. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, қәнекей бәріміз, Сәлем-дейік үлкенге, Сәлеметсіздер ме, апайлар! Балалардың дене қызуын өлшеп ,тазалығын тексеру. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Білгір қазақ баласы, Сәлем сөздің атасы. Балалардың дене қызуын өлшеп ,тазалығын тексеру. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Білер қазақ баласы, Сәлем-сөздің анасы. Алдымыздан кезіккен, Бәріне де ізетпен Біздер сәлем береміз. Сәлеметсіздер ме? Апайлар,балалар! Балалардың дене қызуын өлшеп ,тазалығын тексеру. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында әңгімелесу.Күн тәртібін сақтауға дағдыландыру. | Балаларын таңертеңгілік жаттыға үлгертуін ескерту.Жаттығудың маңызы туралы пікірлесу. | Балалардың тазалығы, денсаулығы жөнінде кеңес беру. | Балаларының киіну үйде де қадағалап отыруларын және де балалар өздері киініп-шешіну жөнінде әңгімелесу. | Балаңызға қандай ертегі айтып бердіңіз? Балаңыз қандай ертегі айтып берді сізге? |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Бояу кітапшалары, бастыру, құрастыру жұмыстары. **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту** | Үстел - үсті ойындары: «шашка,домино,шахмат» **(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | Үстел - үсті шығармашылық орталығы: сурет салу, мүсіндеу, мозайка. **(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | Ертегілер елінде. Ертегі кітаптары, атрибуттар,жапсырма-лар. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Ұсақ қол мотрикасына арналған ойындар. (ілгек, моншақтар, жапсырмалар) **(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қараша айы ( 2 – комплекс )( III – IY апта )** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Бір тізбекте жүру, аяқ ұшымен өкшемен аяқтың ішкі қырымен жүру.<br>2. Тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>3. Звеноға бөлініп тұру.<br>4. Б.қ. өкшені қосып, аяқ ұшын ашып тұру, қолды белге ұстау, оңға қарай бір қадам жасау, қолды жанынан жоғары көтеру,б.қ. келу, осылай сол жақта қайталау, әр жақта 3-4 рет қайталау.<br>5. Б.қ. аяқ арасын алшақ ұстап қолды белде ұстап тұру.<br>6. Б.қ. өкшені қосып аяқ ұшын ашып тұру, қолды белде ұстау, отыру, қолды алда ұстау,б.қ. келу,6-8 рет қайталау.<br>7. Б.қ. аяқты қосып отыру, қолды артта ұстап тіреп отыру.<br>8. Б.қ. тізерлеп қолды белден ұстап тұру, кеудені бұру, оң қолмен сол өкшені ұстау, б.қ. келу, келесі жақта 3-4 рет қайталау.<br>9. Б.қ. шалқасынан жату, қолды бастан жоғары ұстау, оң аяқты көтеру аяқ ұшын тигізу сол жақта 8- рет қайталау.<br>10. Б.қ. қолды белде ұстап тұру. Бір аяқпен секіру екі аяқты алмастырып секіру, қос аяқтап секіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті,ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту адамның дене құрылысы, оның маңызды мүшелері туралы білімдерін кеңейту. (физикалық дамыту, шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Қызығушылықты ояту: «Ысқырық»**<br>Спорт сенің серігің-<br>Жанға дауа, қолға күш.<br>Сергітетін адамды-<br>Қимыл менен қозғалыс.<br>**(физикалық қасиеттерді дамыту)** | **Тосын сәт: «Хат келу»**<br>Хатта отбасы суреті.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Музыка «Спорт» Айкерім Қалаубаева**<br>Спорт Спорт Спорт<br>Спорт Спорт Спорт<br>Спорт Спорт Спорт<br>Спорт Спорт Спорт<br>Елім барда ерлік бар мақтанатын<br>Ерлік барда намыс бар сақталатын<br>Намыс барда жеңіс бар жетелейтін<br>Жеңіс барда елім бар еркелейтін<br>Биікке бұлтым самғайды<br>Елімнің жас арманы<br>Намысын елдің қорғайтын<br>Бейбіт күн батырлары<br>**(физикалық** | **«Көңілді күн»**<br>Теріп едік жемісін сезім бақтың,<br>Сыйластықтың алауыңн өзің жақтың.<br>Сенің думан тойыңның әнін естіп,Есігіңді шыдамай өзім қақтым.Бүгін қандай тамаша көңілді күн.Көңілді күн, көңілді күн Сені қуанышыңмен құттықтаймын,Бақытты бол жан досым.Бір тамаша отырдым өмірге едік,<br>Жүзім бал-бұл жадырап көңілденіп.<br>Есігімнен мен кіріп келгенімде, | **Музыка «Толағай» Алмас Кішкенбаев**<br>Жанұямыз-сәніміз<br>Жарасымды әніміз<br>Тартысына "Толағай"<br>Атсалыстық бәріміз<br>Әкеміз бен анамыз<br>Қамқоршымыз, панамыз<br>Ақылынан жан-жақты<br>Үлгі-өнеге аламыз<br>**Қайырмасы:**<br>Біз Толағай, Толағай,<br>Тау көтерген баладай.<br>Ұмтыламыз жеңіске,<br>Қиындыққа қарамай.<br>Алға, достар, бастандар,<br>Ақ көңілдер, аспандар.<br>Бас иеді біздерге,<br>Асу, асу асқарлар.<br>**(физикалық дамыту,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **дамыту,шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту,)** | Қуандың ау балаша мені көргенде. **(шығармашылық дағдыларын дамыту)** | **шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту,)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дидактикалық ойын: «Кім көп табады?»**<br>**Мақсаты:**Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері )**<br>**Ойын шарты:** Педагог дыбыстарды атайды сол дыбысқа байланысты сөздер ойлап табады. Сөз ойлап тапқан бала бір асықтан алып отырады. Тапқан сөздерін буынға бөлуді үйренеді. Кім көп сөз ойлап тапты,асықтарын санау арқылы жеңімпаз атанады.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Қолымда не бар?»**<br>**Мақсаты:**Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту,математика негіздері)**<br>**Ойын шарты:** Баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату. Мысалы, | **Дидактикалық ойын: «Сұрақ-жауап»**<br>**Мақсаты:**әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу;<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сөйлеуді дамыту)**<br>**Ойын шарты:** Балалар шеңберде тұрады. Балаларға екі дыбысты таңдату арқылы екі топқа бөледі. «Т», «О» Тәрбиеші допты лақтырады да сұрақ қояды. «т» дыбысындағы балалар «т « дыбысынан басталатын сөздермен жауап қайтарады. «О» дыбысындағы балаларда осылай сұраққа «о» дыбыснан басталатын сөзбен жауап береді. Қателескен бала ереже айтады. Мысалы: Балалар қайда жүр? Балалар тоғайда, орманда деп жауап беруі керек. | **Дидактикалық ойын: «Сөз ойла тезойла»**<br>**Мақсаты:**Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері )**<br>**Ойын шарты:** Балаларға доп лақтыру арқылы допты қағып алған бала сөз ойлап айтады. Қол шапалақтау арқылы буынға бөледі.Неше буын екенін айырып, көрсетеді.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Таныс пішіндер лотосы»**<br>**Мақсаты:** Денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту,** | **Дидактикалық ойын: «Кім тез айтады?»**<br>**Мақсаты:** Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту, сауат ашу негіздері )**<br>**Ойын шарты:** Балалар екі топқа бөлініп бір-бірлеріне бір буыннан айтып, келесі топ жалғастырады. Мысалы: 1-топ ба—2-топ ла дейді. Бала деп жауап береді.<br><br>**Дидактикалық ойын: «Қарама-қарсы сөздер»**<br>**Мақсаты:**Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз к-қ дыбыстарын дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту,сөйлеуді дамыту)**<br>**Ойын шарты:** балалар бір- біріне кезекпен допты | **Графикалық диктант**<br>**Мақсаты:**Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа;<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту,математика негіздері)**<br>Балалар алдарына торкөз дәптер беріліп ортасына бір нүктемен белгілеп жүру бағыты көрсетіледі. Ал бастаймыз. Оң жаққа екі рет қозғаламыз,төменгеүш рет түсеміз, оң жаққа үш рет бұрыламыз т.б. Ненің бейнесі шықты балалар айтып береді. Шатасқан бала санамақ айтады.<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Мінездеме портреті» Салыстыру (ертегі персонаждары бойынша)<br>**Мақсаты:**Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлкен және кіші тастар. Бала қолына қарамастан, сипап-сезу арқылы үлкен-кіші заттың оң және сол қолында екенін анықтайды. Қалған балалар оның жауабынын дұрыстығын тексереді. Жуан-жіңішке, ұзын-қысқа өлшемдері бойынша жұмыс осылайша<br>жүргізіледі.<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Мақсаты:** Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту,көркем әдебиет)**<br>**Ойын шарты:**«Ата мен әже өмір сүріпті, оларда шұбар тауық болыпты. Бір күні шұбар тауық жұмыртқа беріпті. Әже оны әйнек үстіне суысын деп қойыпты. Ал ата шалқанды тартуға кетіпті. Тартады, тартады, тарталмайды». («Шұбар тауық», «Бауырсақ», «Шалқан»).<br>**Ертегіні үш сөзден тауып ал:**<br>1) Қатық, құйрық, сиыр. («Мақтықыз бен мысық»)<br>2) Ешкі, лақтарым, | **Дидактикалық ойын: «Құм, тас, су»**<br>**Мақсаты:** өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Ойын шарты:**Басы «құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас»дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасап қозғалу». (Балалар қимылмен көрсетеді)<br>**Табиғат туралы мақал — мәтелдер:**<br>Таза болса табиғат<br>Аман болар адамзат.<br>Туған жердің суы тәтті<br>Топырағы да ыстық<br>**Тәжірибе:** Ыдыстағы құмды ұлғайтқыш әйнекпен қарау. Ұсақ бір — біріне жабыспайды. Ыдыстағы құмның жел тұрғанда ұшуы. Сок ішуге арналған түтікшемен құмды үрлеу, жеңіл, жел тұрса ұшады. Ыдыстағы құмға су құю. | **математика негіздері)**<br>**Ойын шарты:** Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кім шапшаң»**<br>**Мақсаты:** тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге баулу.<br>**коммуникативтік дағдыларды дамыту, қазақ тілі)**<br>**Ойын шарты:** Балаларға сөздер айтылады.<br>Мысалы:(мысық, мақтақыз, сиыр, дүкенші) деп қай ертегідегі кейіпкерлер екенін табады. Тапқан бала ертегіні ретімен айтып береді. | лақтырып, антоним сөздерінің бірін айтады.Ал допты қағып алған бала тәрбиешіге кері лақтырып, айтылған сөзге қарама- қарсы сөзді айтуы керек.<br>**Мысалы:** ыстық – суық, ауыр – жеңіл, ұзын- қысқа, асты – үсті.үлкен-кіші, қалың-жұқа т.б<br><br>**Табиғат бұрышына саяхат**<br>**Мақсаты:**<br>Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату:<br>**(әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Жұмбақ:**<br>« Қолы жоқ, аяғы жоқ-қозғалады, аузы жоқ-тыныс алады, қоректенеді», Бұл не болды? (өсімдік)<br>Балалар, өсімдіктер қайда өседі? Жерде, | көзқарасын білдіру.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту,көркем әдебиет)**<br>**Ойын шарты:**Ертегі мазмұнын бірізділігін бұзбай жануарлардың мінез-құлқын сипаттап беру керек.<br>Қоян қандай? –<br>Қасқыр қандай?<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кім шапшаң»**<br>**Мақсаты:** тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге баулу.<br>**коммуникативтік дағдыларды дамыту, қазақ тілі)**<br>**Ойын шарты:** Балаларға сөздер айтылады.<br>Мысалы:(мысық, мақтақыз, сиыр, дүкенші) деп қай ертегідегі кейіпкерлер екенін табады. Тапқан бала ертегіні ретімен айтып береді.<br><br>**(физикалық дамыту, дене шынықтыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шырақтарым, қасқыр («Қасқыр мен жеті лақ»)<br><br>**(шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, музыка)** (маман жоспары бойынша) | Ыдыстағы құмға, су құйса балшыққа айналады. Тасты бақылау. Су құйса да жылтырап жата береді, түрі түсі өзгермейді, майдаланып балшыққа айналмайды, жел үрлесе де қозғалмайды. Ауыр зат.<br><br>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану.<br>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде)<br>**(шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту,сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)**<br><br>**(физикалық дамыту, дене шынықтыру)**<br>(маман жоспары бойынша) | **(шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, музыка)**<br>(маман жоспары бойынша) | бөлмеде, ағашта өседі. Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай? Адамдар өсімдіктерді азық ретінде ,құрылыс материалы ретінде қолданады, қағаз алады. Ол ауаны тазартады. Өсімдік өсу үшін не керек? Өсімдік өсу үшін су, ауа, жарық,жылу керек.<br>**Шығармашылық жұмыс:**<br>Балалар біздің табиғат бұрышымыздағы бөлме гүлдерімізді суаратын кез де келіпті. Қанекей бөлме гүлдерін арнайы таяқшамен қопсытайық, суарайық, жапырақтарын сүртіп тазалайық.<br><br>**(физикалық дамыту, дене шынықтыру)**<br>(маман жоспары бойынша) | (маман жоспары бойынша) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау **(коммуникативтік дағдыларды дамыту,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №19**<br>**Тікенекті және жапырақты ағаштарды бақылау**<br>**Мақсаты:** ағаштар туралы түсініктері қалыптасады. (оларға ортақ ұқсастықтары мен айырмашылықтары).<br>**Бақылау барысы:**<br>**Балаларға сұрақтар:**<br>Біздің аулада қандай ағаштар өседі? (қайың, терек, үйеңкі, шырша, қарағаш, алма және алмұрт ағаштары.)<br>Ал, бұлар қандай ағаштар? (тікенекті, жапырақты.)<br>Жапырақты ағаштардың тікенекті ағаштардан қандай айырмашылықтары бар?<br>Олардың ортақ қандай ұқсастықтары бар?<br>(діні,бұтағы, тамыры)<br>Ағаштар өсу үшін қандай жағдайлар сақталуы керек?<br>Ағаштардың халық шаруашылығына және медицинаға қандай пайдасы бар?<br>**Табиғаттағы еңбек:** Ағаш түптерін қопсыту.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:**<br>**«Қарағайлы ормандағы** | **Серуен №15**<br>**Температураның түсуін бақылау**<br>**(термометрмен жұмыс)**<br>**Мақсаты:** Балаларға ауа температурасын бақылау үшін арнайы құрал термометр бар екендігін түсіндіріп,термометрдің құрылысы туралы (шкала, қызыл сұйықты бағана) Жауын-шашынның ауа температурасына, ауа температурасының өсімдіктердің жағдайына әсерін байқауды үйренеді.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ:**<br>Көтерілсе жоғары<br>Ерітеді мұхит<br>Төмен түссе шамала<br>Сездірер суық ызғарын.<br>(температура)<br>Балаларға ауа температурасын бақылау үшін арнайы құрал термометр бар екендігін түсіндіру. Термометрдің құрылысы туралы (шкала, қызыл сұйықты | **Серуен №11**<br>**Тікұшаққа бақылау**<br>**Мақсаты:** Көліктерді еске түсіре отырып, тікұшақ жайлы түсінік алып,. тілдері дамып, ойлау қабілеттері артады<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ:**<br>Аспанда жүзеді,<br>Қанатын қақпайды.<br>Жерде де жүреді,<br>Бауырлап жатпайды.<br>(Ұшақ)<br>**Сұрақтар:**<br>Тікұшақ қандай қызмет атқарады?<br>Ол аспанға қалай көтеріледі?<br>«Әуе көлігі» деп не себепті айтамыз?<br>Көліктердің бірі әуе көлігі – тікұшақ. Ол адамдарды керек жеріне лезде жеткізеді. Оның аты айтып тұғандай, ол аспанға бірден тік көтеріледі. Өте үлкен бұл әуе көлігі өте қолайлы. Оның ұаштын жері | **Серуен № 13**<br>**Итті бақылау**<br>**Мақсаты:** Жануарлар өміріне деген қызығушылықтары артып, қиын жағдайда көмек беруге тәрбиеленеді<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ:**<br>Үйінді қорғайды,<br>Үйге бірақ, конбайды.<br>(Ит)<br>**Балаларға сұрақтар.**<br>Иттің тұратын орны қалай аталады?<br>Иттің сүйікті тамағы не?<br>Иттің сыртқы кейпі қандай? Иттің қандай түрлерін білесіңдер?<br>Кейбір иттерді неге «үйсіз иттер» (жабайы) деп атайды?<br>Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті | **Серуен № 17**<br>**Алғашқы қарды бақылау**<br>**Мақсаты:** табиғат өзгерістерін көре білуді әдемілікті сезінеді.<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жұмбақ:**<br>Қыста ғана болады,Ұстасаң қолың тоңады.(Қар)<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>Алғашқы қар қанша уақыт ерімей жатады?<br>(екі – үш күн)<br>Ол ұстағанда қандай болып сезіледі? (ылғал)<br>Алғашқы қар күннің қай мезгілінде жауады?<br>(түнде)<br>**Зерттеу жұмысы:**<br>Қар ұшқынын алақанға қағып алып, оған қарау.<br>Екі қарды салыстыру.<br>Қай жердегі қардың тез еритінін анықтау.<br>Әлі қар ерімеген жерді табу.<br>**Табиғаттағы еңбек:**<br>Ағаш түптерін қармен жабу.<br>**Педагог** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **аю»**<br>**Мақсаты:** Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиеленеді.<br>**Ойын шарты:** Алаңның бір жағына аюдың іні сызылады. Екінші жағына үй белгіленеді, онда балалар тұрады. Тәрбиеші інде отырған аюды таңдап алады. Тәрбиеші « балалар», серуендеуге барыңдар! – дегенде балалар үйден шығып орманға барады. Олар хормен мына өлеңді айтады.<br>Аю жүрген орманнан<br>Жидек тере мен барғам<br>Аю отыр гүрілдеп,<br>Жарамайды мұның,-деп<br>« Гүрілдеп» дегенде аю балаларды қуады. Аю кімге жетсе, сол ұсталған болады. Үйдің сыртынан асып кеткен балаларды ұстауға болмайды.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Мақал-мәтел<br>Жалғыз ағаш орман болмас<br>Жалғыз ағаш желге төтеп бере алмайды.<br>**Дербес әрекет:**<br>Жаттығу ойындары: Орнында тұрып ұзындыққа секіру. | бағана) баяндау. Жауын-шашынның ауа температурасына, ауа температурасының өсімдіктердің жағдайына әсерін байқауды үйрету, байқағыштықтарын, танымдық қызығушылықтарын дамыту.<br>**Табиғаттағы еңбек:** Аулашы апайға көмектесу.<br>Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау<br>**Тәжірибе жасау.** Ауа температурасын өлшеу. Балаларды ай бойы (тәрбиешілердің көмегімен) ауа температурасын өлшей білуге үйрету.<br>Түйін. Ауа температурасы үнемі төмендеп отырады.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: «Жеті лақ»**<br>**Мақсаты:** Әрбір кейіпкердің рөлін ойнай отырып, қимыл арқылы көрсетуге, дауыс ырғағын, дауыс көркемділігін дамытады;<br>**Ойын шарты:** Балалар ертегінің мазмұнын игеріп, қасқыр, ешкі, | жазық алаңқай болуы керек. Себебі оның төбесіндегі айналатын қалақшалары іске қосылғанда өте күшті жел болады. Оны арнайы оқып, дайындалған мамандар ғана ұшыра алады.<br>**Табиғаттағы еңбек:**Аула маңын қоқыстан тазарту.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: «Ұшақтар»**<br>**Мақсаты:** балаларды бір-біріне соғылмай жүгіріп, белгі бойынша қозғалып, кеңістікті дұрыс бағдарлауы дамиды.<br>**Ойын шарты:** Балалар алаңның әр жерінде 3-4 жалаушалармен белгіленген калоннамен тұрады. Ойнаушылар ұшқыштарды бейнелейді. Олар ұшуға әзірленеді. Тәрбиешінің: Ұшуға әзірленіңдер! Деген сигналы бойынша балалар қолдарымен қимыл жасап, | жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвеилер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Иттер ақылды және зиінді. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Ол өзінің иесін еш уақытта еш уақытта қиын жағдайда далада қалдырмайды, өз иесіне сатқындық жасамайды.<br>**Табиғаттағы** еңбек: сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: « Қасқырларды ұстау»**<br>**Мақсаты:**<br>Жылдамдық, сақтық қалыптасады.<br>**Ойын шарты:** Алаңға үлкен шеңбер сызылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Бірі аңшылар, екіншісі қасқырлар. Қасқырлар шеңбердің ішінде болады да, аңшылар | **жетекшілігімен ойын: «Ит пен қоян»**<br>**Мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа, ептілікке шыңдалады..<br>**Ойын шарты:** Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», « қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Қар жауыпты далаға,<br>Қар жауыпты қалаға.<br>Сырғанаймыз енді біз,<br>Отырып ап шанаға.<br>Ойынқұмар көп бала,<br>Шұрқырасып топтала,<br>Аппақ қардан жасаймыз,<br>Әп-әдемі аққала.<br>**Дербес әрекет:**<br>Жаттығу ойындары: «Шеңберге түсір»<br>Мақсаты: белгі бойынша әрекет ету дағдыларына жаттықтыру;Затты нысанаға лақтыра білу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | лақтардың жауаптарын жақсы білулері керек. Тәрбиеші рөлдерді бөліп, маскалары үлестіріледі. Сонымен ойын басталады.Тәрбиеші балалардың назарын әр кейіпкердің дауыс ырғағы мен екпініне аударады. Ешкі мен лақтар жіңішке дауыспен, қасқыр басында жуан, содан соң жіңішке дауыспен, өте жіңішке дауыспен сөйлейді.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Метеоролог Желдің күшін, екпінін,<br>Бұлттың түсін, кескінін.<br>Отырады бақылап,<br>Қалт жібермей ешбірін.<br>**Дербес әрекет:**<br>Балаларды ойын таңдай білуге, рольді бөлісуге қозғау салу. | маторды іске қосқан болады. Тәрбиеші: « Ұшыңдар» -дейді. Балалар қолдарын екі жаққа жазып, алаңда жан-жаққа бытырап, ұшып жүреді. Тәрбиешінің: « отырыңдар» деген сигналы бойынша ұшақтар өз орындарын тауып, жерге қонады: балалар калоннаға тұрып, бір тізерлеп отырады. Тәрбиеші қай калоннаның тез сапқа тұрғанын атап өтеді. Алғашқы кезде калоннаның бастаушысы етіп екпіндірек балаларды белгілеу керек.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>«Ұшқыш болғым келеді» Қ.Аманжолов<br>Айға әнін тыңдатқан,<br>Ұшқыш болмай немене!,<br>Ақын жырын жырласа, Қуат бітті денеме,.<br>Таңшолпанын қуантқан, Қанатым бар қайыспас!<br>Ұшқыш болғым | шеңбердің сыртынан оларды доппен атқылайды. Қасқырлар доптан шеңбердің ішінде қашып жүреді. Доп тиген бала ұсталған қасқыр болып ойыннан шығады. Ал егер қасқырлардың біреуі допты қағып алса, ұсталған қасқырдың біреуін қайтадан шеңберге кіргізіп алады. Қасқырлар түгел ұсталғаннан кейін, екі топ орын алмастырады.<br>**Жеке баламен жұмыс:**<br>Ей, адамдар, адамдар!<br>Айналаға қараңдар,<br>Зардап шегіп жатпасын,<br>Аш үйіңнің қақпасын,<br>Жануарлар қорғансыз,<br>Далада қалып қоймасын.<br>**Дербес әрекет:**<br>Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту.<br>Смарт мақсат: Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгеріп, көз өлшемі, қозғалыс координаты, ептіліктері дамиды. | әрекеттерін тиянақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | келеді!. Ұшқыш болғым келеді<br>**Дербес әрекет:** Баланың даму негізінің жағымды сапасын жеке ұжымда қолданып іске асыру. Белсенді балалар өз құрдастарына,яғни ойын кезінде сылбыр балаларға қысым көрсетпей,ойынға араласып кетуіне қол ұшын бере білу. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(коммуникативтік дағдыларды дамыту, дербес ойын әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын: «Ғажайып кілемше»**<br>**Мақсаты:** Түрлі сызықтар мен ою-өрнектердің жалғасын есте сақтау<br>**Ойынның барысы:**<br>1. Бала кілемді ашып, тәрбиеші көмегімен алғашқы бөліктеріне ою-өрнектерін салады.Бұдан соң кілем бойымен өрнектерді атай отырып жылжиды. 2.Баяу әуен ойнайды.Балалар түрлі-түсті қалдық материалдар мен таяқшалары бар дорбалар таратылады.Олар кілемге шеңбер құра отырып, өздерінің жанына бұл моншақтар мен | Ертегілер әлемі. Балалардың қалаған ертегілерін оқып беру. **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері»**<br>**Мақсаты:**Суретте бейнеленген негізгі белгілері бойынша әр жыл мезгілдері жайлы түсініктерін бекіту.<br>**Ойынның барысы:** Балалар жыл мезгілдеріне сәйкес түстерді шеңберге тізбектеп, ретімен жүйелі құрастырады. Оған қатысты суреттерді қажетті орнына орналастырып жапсырады.<br>**(шығармашылық дағдыларын, зерттеу** | Менің қалауым Ермексазбен өз қалаулары бойынша бір бейнені мүсіндеу. Мүсіндеген бейнесі туралы айтып беру. **(шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | Үлестірмелі материалдармен жұмыс: Құрастырмалы ойыншықтар. Құрастырмалы ойыншықтармен түрлі құрылыс құрастырып шығару. **(шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таяқшалардан кішкене дөңгелек түріндегі өрнектер қояды.<br>**(шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)** | | **іс-әрекетін дамыту)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Мақал-мәтел жаттау.**<br>Әдептілік белгісі - иіліп сәлем бергені.<br><br>Әдепті бала - арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Сурет бойынша әңгіме құрауға, затты сипаттауға үйрету.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Тура, кері санауды үйрету<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** | Отан туралы тақпақ жаттатып тілдерін дамыту.<br>«Отан»М.Хакімжанова<br>Отан-жерім,<br>Отан-суым,<br>Отан қуат, нәр береді.<br>Отан—ұран,<br>Отан—туым,<br>Отан мәңгі гүлденеді.<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Санамақ жаттау.<br>**1** - дегенім – бесік,<br>Шықтым содан өсіп,<br>**2** - дегенім - елім,<br>Далам, тауым, көгім,<br>**3** - дегенім - үміт,<br>Үміт артар жігіт.<br>**4** - дегенім - төзім,<br>Төзе білем өзім.<br>**5** - дегенім - бақыт,<br>Бағалайтын уақыт.<br>**6** - деген – ақыл,<br>Тыңдағаның мақұл.<br>**7** - деген - жалау,<br>Жүректегі алау.<br>**8** - деген - сөзің,<br>Серт беретін кезің.<br>**9** - деген – тоқтау,<br>Елдің жоғын жоқтау.<br>**10** - дегенім – Отан,<br>Қорға соны, ботам!<br>**(танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>Қайырлы кеш!<br>**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы, бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.<br>Қайырлы кеш! | Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу.<br>Сау болыңыздар!<br>**(коммуникативтік** | Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары | Балаларының бір аптадағы жетістіктері туралы айтып, сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу.<br>Сау саламатта болайық! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **дағдыларды дамыту)** | туралы әңгімелесеу.**(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** | **(коммуникативтік дағдыларды дамыту)** |